Кітапхана

# ЖАС АҚЫНДАР МҮШӘЙРАСЫ

**Ембі қалалық кітапханасының ұйымдастыруымен «Ғылым. Өнер. Мұра» жобасы аясында «Қаламы — қару, мұрасы — мәңгі» атты жас ақындар мүшәйрасы өтті.**



Мүшәйра қазақ халқының мақтанышына айналған ағайынды Жұбановтар әулетінің ғылым мен өнердегі өлшеусіз үлесін ұлықтау, олардың бай мұрасын жас ұрпаққа насихаттау және жас ақындардың шығармашылығына қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылды.

Іс-шара алғысөзбен басталып, Арайлым Есмұхан «Қазақ» биін биледі.

Мүшәйра барысында жас ақындар екі топқа бөлініп, берілген тапсырма негізінде суырыпсалма шеберліктерін көрсетіп, өлең шығарып, өзара бақ сынады.

Төрешілер шешімімен І дәрежелі дипломға Банужан Серікова ие болды. ІІ дәрежелі диплом Сымбат Нәбидолла мен Бекболат Баймұханға табысталды. Ал ІІІ дәрежелі диплом Арай Орман, Жамбыл Исрайыл және Әлішер Мәліковке бұйырды. Сондай-ақ барлық қатысушыға Алғыс хат тапсырылды.

Іс-шара аясында Жұбановтар әулетіне арналған кітап көрмесі ұйымдастырылып, библиографиялық шолу жасалды. Бұл өз кезегінде қатысушылардың танымын кеңейтіп, ұлттық мұраға деген қызығушылығын арттырды.

**Баян ҚОНАЕВА,**
**кітапханашы.**
**Ембі қаласы.**

Оқитын мектеп

# «БІР КІТАП — БІР ӘЛЕМ»

**№65 жалпы білім беретін орта мектепте грузин психологі Ш.Амонашвилидің ізгілік педагогикасы негізінде 6 «А» сынып оқушылары арасында кітап оқудан жарыс өтті.**



«Бір кітап — бір әлем» жобасы аясында баланың кітап оқып, рухын оятып, мәдениетін қалыптастыруға сеп болатын шараны мектептің кітапхана меңгерушісі Мейрамгүл Жұмабаева ұйымдастырды.

Оқушылар бір ай бойы өз қалауы бойынша түрлі көркем әдебиетті оқыды. Әр оқушы оқыған кітабының мазмұнын түсініп, оны саралап, арнайы «Менің күнделігім» атты дәптерге мазмұндама жазып отырды. Бұл оқушылардың ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, олардың сауатты жазуына, өз ойын еркін жеткізе білуіне мүмкіндік берді. Сонымен қатар, кітап арқылы оқушылардың дүниетанымы кеңейіп, адами құндылықтарға деген көзқарасы қалыптасты. Соңында оқушылар өз оқыған кітаптары туралы пікір алмасып, әсерін бөлісті. Бұл балалардың әдебиетке деген қызығушылығының артуына септігін тигізді.

«Бір кітап — бір әлем» жобасы жас ұрпақтың кітапқа деген сүйіспеншілігін оятып, олардың танымын кеңейтетін маңызды бастама екені сөзсіз.

**Нұрзат САТЫБАЛДИНА,**
**мектеп психологі.**

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
90-71-55
aktobesmi.mail.ru

Қайырымдылық

# МЕЙІРІМ АЙЫНДАҒЫ ИГІ ІСТЕР

**Қасиетті Рамазан айында «Қызыл ай» қоғамының Ақтөбе облыстық филиалы көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсетіп, бірқатар қайырымдылық іс-шара ұйымдастырды. Атап айтсақ, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасыларға азық-түлік пен киім-кешек таратылды.**

Облыстық филиал директоры Нұрлан Үдербайдың айтуынша, игі іс аясында 56 отбасына азық-түлік үлестіріліп, 34 отбасына киім-кешек берілген. Сонымен қатар 150 адамға арналған ауызашар дастарқаны ұйымдастырылыпты.

— Ауызашарға Ораза ұстаған жандармен қатар, көпбалалы отбасылар, мүмкіндігі шектеулі тұрғындар, жалғызбасты қарттар шақырылды. Бұл қайырымдылық іс-шарасы Ораза айт мерекесінде өткізілді және Біріккен Араб Әмірліктерінің «Қызыл Ай» қоғамы тарапынан қаржыландырылды, — деді Нұрлан Үдербай.

Аталған халықаралық ұйым өңірде әлеуметтік қолдау бағытындағы жұмыстарын тұрақты түрде жүргізіп келеді. Атап айтсақ, Біріккен Араб Әмірліктерінің «Қызыл ай» қоғамы 2006 жылдан бері облыс бойынша 380 балаға ай сайын 50 АҚШ доллары көлемінде жәрдемақы беріп келеді.

**А.БАЛЖАНАЙ.**

**«Табиғи монополиялар туралы»**

ҚР Заңының 25-бабының 9-тармағын басшылыққа ала отырып, «Aqtobe su-energy group» АҚ өз тұтынушылары мен өзге де мүдделі тұлғаларға 2025 жылдың қорытындысы бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы және сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау және электр энергиясын беру және тарату қызметтерін көрсету женіндегі бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы жыл сайынғы есептің жария тыңдауларының өткізілетінін хабарлайды.

**Тыңдаудың өтетін күні, орны мен уақыты:**
**Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 12Б**
**(мәжіліс залы), 2026 жылғы 27 сәуір сағат 10.00-де.**

## «АҚТӨБЕ ЖЭО» АҚ

**тарифтік сметаны орындау, инвестициялық бағдарлама, реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы, 2025 жылға арналған табиғи монополия субъектілерінің қызмет тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізуі туралы жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.**

Тыңдау өтетін уақыты: 2026 жылғы 24 сәуір, сағат 10.00.

Өтетін орны: Ақтөбе қаласы, 312-атқыштар дивизиясы даңғылы, 60, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ әкімшілік басқармасының конференц-залы.

Онлайн-трансляция ZOOM платформасы арқылы жүзеге асырылады.

Қосылу идентификаторы: 821 386 5379.

## «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

**Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «Eco Project Company» ЖШС жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.**

**Көзделіп отырған қызмет:** «Ақтөбе облысы Алға ауданында орналасқан Борлинское 3 кен орнында 2026-2035 жылдар кезеңінде жылына 55 мың тонна көлемінде гипс өндіру».

Өтінішпен сайттарда https://ecoportal.kz/, «жария талқылаулар» айдарында https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecodep@ecogeo.gov.kz.

**Байланыс ақпараты:** Ақтөбе қаласы, Қосжанов, 9 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

**Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі:** 20.03.2026 ж. – 19.04.2026 ж.

## «ХРОМТАУ АУДАНДЫҚ СӘУЛЕТ, ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» ММ

**2026 жылғы 4 мамыр сағат 15.00-де Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Аққұдық а., Опанов көшесі 13-үй, «Аққұдық орта мектебі» КММ ғимараты, «Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Аққұдық ауылында Беккари шұңқырының (мал қорымының) құрылысы» жобасы бойынша әсер ету туралы есеп бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.**

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда тыңдаулар ZOOM бейнеконференциясы арқылы онлайн форматта өткізіледі. Тыңдауға қатысу үшін https://us05web.zoom.us/j/86997707444?pwd=MM08J01K0qq2UW40tdic3Tb0m1lldR.1Конференция идентификаторы: 869 9770 7444 Кіру коды: h21aL7

Қосымша ақпаратты белгіленген қызметтің бастамашысы «Хромтау аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ - БСН 060140005014, мекенжайы: Хромтау ауданы, Хромтау қ., Спортивная к. 2-үй. Тел.: +7 777 840 2019, Stroikahrom2025@mail.ru алуға болады.

Әзірлеуші — ИП «Керимбай Т.» +7 701 469 4050. Ақтөбе қ. Алтын Орда, 8-үй, 85- кабинет, тел./факс: 87132416046, e-mail: kerimbay07@mail.ru

Жергілікті атқарушы орган: «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8-7132-55-26-28, expert_oos@mail.ru.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен сайтта ndbecology.gov.kz. және жергілікті атқарушы органның сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қабылданады мерзімі 3 жұмыс күнінен кешіктірмей күнге дейін қоғамдық тыңдау өткізу, Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ жергілікті атқарушы органға тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік: expert_oos@mail.ru.

**Бұрыштық нүктелер**

| Солтүстік ендік | Шығыс бойлық |
|---|---|
| Точка №1 50°22′3.85″С Ш; 58°56′0.51″В Д | Точка №2 50°22′5.10″С Ш; 58°56′1.01″В Д |
| Точка №3 50°22′4.66″С Ш; 58°56′3.43″В Д | Точка №4 50°22′3.40″С Ш; 58°56′2.94″В Д |

## «ХРОМТАУ АУДАНДЫҚ СӘУЛЕТ, ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» ММ

**2026 жылғы 5 мамыр сағат 14.00-де Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Сарысай а., Величко көшесі 34-үй, клуб үйі, «Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Қызылсу ауылдық округі Сарысай ауылында Беккари шұңқырының (мал қорымының) құрылысы» жобасы бойынша әсер ету туралы есеп бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.**

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда тыңдаулар ZOOM бейнеконференциясы арқылы онлайн форматта өткізіледі. Тыңдауға қатысу үшін https://us05web.zoom.us/j/82653636814?pwd=zLL1bp3LM4bkORfEk2BkJLMnn9DhLA.1. Конференция идентификаторы: 826 5363 6814 Кіру коды: R7a9V7

Қосымша ақпаратты белгіленген қызметтің бастамашысы «Хромтау аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ - БСН 060140005014, мекен-жайы: Хромтау ауданы, Хромтау қ., Спортивная к. 2-үй. Тел +7 777 840 2019, Stroikahrom2025@mail.ru алуға болады.

**Әзірлеуші** — ИП «Керимбай Т.» +7 701 469 4050. Ақтөбе қ. Алтын Орда, 8-үй, 85 кабинет, тел./факс: 87132416046, e-mail: kerimbay07@mail.ru

**Жергілікті атқарушы орган:** «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел: 8-7132-55-26-28, expert_oos@mail.ru.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен сайтта танысуға болады ndbecology.gov.kz. жергілікті атқарушы органның сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар 3 жұмыс күнінен кешіктірмей және қоғамдық тыңдаулар өткізу, Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады, сондай-ақ жергілікті атқарушы органға тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік: expert_oos@mail.ru.

**Бұрыштық нүктелер**

| Солтүстік ендік | Шығыс бойлық |
|---|---|
| Точка №1 50°22′43.50″СШ; 58°35›35.58″ВД | Точка №2 50°22′44.54″СШ; 58°35′37.79″ВД |
| Точка №3 50°22′43.35″СШ; 58°35′38.61″ВД | Точка №4 50°22′42.48″СШ; 58°35′36.48″ВД |

## «ХРОМТАУ АУДАНДЫҚ СӘУЛЕТ, ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» ММ

**2026 жылғы 4 мамыр сағат 11.00-де Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Қопа а., Мамаева көшесі 24-үй, мәдениет орталығының ғимараты, «Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Қопа ауылында Беккари шұңқырының (мал қорымының) құрылысы» жобасы бойынша әсер ету туралы есеп бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.**

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда тыңдау ZOOM бейнеконференциясы арқылы онлайн форматта өткізіледі. Тыңдауға қатысу үшін https://us05web.zoom.us/j/81609403091?pwd=eQLKBEloBnSKY9rscp8hDZYeeLhjYl.1. Конференция идентификаторы: 816 0940 3091 Кіру коды: gbBrT5

Қосымша ақпаратты белгіленген қызметтің бастамашысы «Хромтау аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ - БСН 060140005014, мекенжайы: Хромтау ауданы, Хромтау қ., Спортивная к. 2-үй. Тел.: +7 777 840 2019, Stroikahrom2025@mail.ru алуға болады.

Әзірлеуші — ИП «Керимбай Т.» +7 701 469 4050. Ақтөбе қ. Алтын Орда, 8-үй, 85 кабинет, тел./факс: 87132416046, e-mail: kerimbay07@mail.ru

Жергілікті атқарушы орган: «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел: 8-7132-55-26-28, expert_oos@mail.ru.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен сайтта ndbecology.gov.kz. жергілікті атқарушы органның сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар 3 жұмыс күнінен кешіктірмей және қоғамдық тыңдаулар өткізу, бірыңғай экологиялық порталында қабылданады, сондай-ақ жергілікті атқарушы органға тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік: expert_oos@mail.ru.

**Бұрыштық нүктелер**

| Солтүстік ендік | Шығыс бойлық |
|---|---|
| Точка №1 49°56′47.61″СШ; 58°57′43.26″ВД | Точка №2 49°56′46.03″СШ; 58°57′43.75″ВД |
| Точка №3 49°56′45.70″СШ; 58°57′41.30″ВД | Точка №4 49°56′47.30″СШ; 58°57′40.82″ВД |

Байғанин ауданының әкімдігі, аудандық мәслихат және аудандық ардагерлер кеңесі ауыл шаруашылығы саласының ардагері, І, ІІ және ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» медалінің иегері

**Қойлыбай ТАБЫНБАЕВТЫҢ**

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына және туma-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

**Меншік иесі: «АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС**

**Газет 1974 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған**

**Директор**
**Раукен ОТЫНШИН**

**Директордың орынбасары**
**Айгүл НҰРКЕЕВА**

**Бас редактор**
**Сәтжан ДӘРІБАЙ**

**Бас редактордың бірінші орынбасары** Жаңагүл НИЯЗМАҒАНБЕТОВА

**Бас редактордың орынбасары** Данагүл ҚАЗИХАН

**Жауапты хатшы** Динара САНГУЛОВА

**АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:**

**Бөлім меңгерушісі** Арайлым НҰРБАЕВА

**Тілшілер** Мейрамгүл САТАЕВА, Ақмарал МҰҚАШЕВА

**ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:**

**Бөлім меңгерушісі** Айбек ТАСҚАЛИЕВ

**Тілшілер** Кәмшат ҚОПАЕВА, Айдана АЛТЫБАЕВА

**МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:**

**Бөлім меңгерушісі** Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37

**Тілшілер** Индира ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

**Сайт редакторы** Аслан СЫДЫҚОВ

**Беттеуші** Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА, Әсел НОГУМАНОВА

**Теруші** Гүлмара АЙНАЗАРОВА

**Корректорлар** Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА, Ақзат ЖИЕНАЛИНА

**Жазылу және тарату бөлімі** 90-71-67

**Жарнама бөлімі** 90-71-55



Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау бөлмесі: 90-71-61.

**Сайт:** www.aqtobegazeti.kz
**E-mail:** aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 12245 Тапсырыс №357

**Нөмірдің кезекші редакторы**
Данагүл Қазихан

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №KZ70VPY00061916 куәлігі берілген.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

**Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды**